

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы "Жасыл өсу индикаторларын енгізу және Қазақстандағы Жасыл өсу бойынша баяндаманы дайындау" жобасын іске асыру туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 30 шілдедегі № 472 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы "Жасыл өсу индикаторларын енгізу және Қазақстандағы Жасыл өсу бойынша баяндаманы дайындау" жобасын іске асыру туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Тимур Мұратұлы Сүлейменовке Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы "Жасыл өсу индикаторларын енгізу және Қазақстандағы Жасыл өсу бойынша баяндаманы дайындау" жобасын іске асыру туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Экономикалық
ынтымақтастық және даму
ұйымы арасындағы
"Жасыл өсу индикаторларын
енгізу және Қазақстандағы
Жасыл өсу бойынша
баяндаманы дайындау" жобасын
іске асыру туралы келісімге
1-қосымша

Бюджетті пайдалану бойынша есептеу

| Болжамды шығыстар | EUR |
|---|--------|
| ЭЫДҰ персоналына арналған шығыстар | 26,000 |
| Орталықтандырылған көрсетілетін қызметтер (РРС) | 3,000 |
| ЭЫДҰ қызметкерлерінің миссиялары | 16,000 |
| Қазақстандық қызметкерлер мен сарапшылардың ЭЫДҰ-ға іссапарлары | 25,000 |
| Ведомствоаралық жұмыс тобының екі халықаралық кеңесі | 10,000 |
| Ұлттық консультанттың көрсетілетін қызметтері | 10,000 |
| | |

| | |
|---|---------|
| Ұлттық консультанттың көрсетілетін қызметтері (Қазақстандағы жүйелі есептілік жүйесіне жасыл өсу өлшемін интеграциялау) | 10,000 |
| Халықаралық консультанттың көрсетілетін қызметтері | 10,000 |
| Басқа да операциялық көрсетілетін қызметтер (жарияланымдар; веб-сайтты дайындау, басып шығару, аударма, мобильді жұмыс станциясының қызмет көрсеткені үшін төлем) | 30,550 |
| Әкімшілік шығындар | 9,450 |
| | 150,000 |

Ескертпе: бюджеттің бір жолындағы кез келген артық шығыс жалпы бюджеттің шеңберінде қала отырып, бюджеттің басқа жолындағы жетіспеушіліктің орнын толтыруы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Экономикалық
ынтымақтастық және даму
ұйымы арасындағы "Жасыл өсу
көрсеткіштерін енгізу және
Қазақстандағы Жасыл өсу
бойынша баяндаманы айындау"
жобасын іске асыру туралы келісімге 2-
қосымша

"Жасыл өсу индикаторларын енгізу және Қазақстандағы Жасыл өсу бойынша баяндаманы дайындау" жобасына техникалық тапсырма

| |
|---|
| <i>Сипаттама</i> |
| <p>Қазақстан жасыл өсудің экономикалық даму жолын ілгерілету үшін 2013 жылы Жасыл экономика тұжырымдамасын қабылдады. Экономика бұдан әрі дамығандықтан, саясаткерлер үшін жасыл өсуге қол жеткізудегі прогресті бағалау, жасыл өсудің көзін жақсы түсіну және жұртшылықты прогресс туралы ақпараттандыру үшін Тұжырымдаманың іске асырылуын қадағалау маңызды. 2011 жылы ЭЫДҰ жасыл өсуді өлшеудің құрылымын қабылдады, ол саясаткерлер мен қалың жұртшылықты табиғат капиталының физикалық сипаттамалары және жасыл өсуді қолдау саясатын тиімді әзірлеуді қамтамасыз ету үшін капиталдың басқа нысандарымен өзара іс-қимылы туралы сапалы ақпаратпен қамтамасыз ететін жасыл өсу индикаторларының (ЖӨИ) жинағын қамтиды (2011) ЭЫДҰ), Жасыл өсуді өлшеуде табысқа жету жолында, ЭЫДҰ (2014), Жасыл өсу индикаторлары 2014, ЭЫДҰ (2017), Жасыл өсу индикаторлары 2017 қараңыз).</p> <p>ЭЫДҰ мен Қазақстан арасындағы Ынтымақтастық жөніндегі елдік бағдарлама шеңберінде (2015 – 2016 жж.) ЭЫДҰ жинағы негізінде жасыл өсу үшін индикаторлардың тізімін анықтау және дайындау үшін ЭЫДҰ хатшылығы Қазақстанның Статистика комитетімен бірлесіп жұмыс істеді. Таңдалған индикаторлар елдің нақты жағдайын, қажеттіліктері мен басымдықтарын жақсы көрсетуге бағытталған. Олар сондай-ақ есептілік пен статистиканың ұлттық жүйесіне оңай интеграцияланады.</p> |
| <i>Ұсынылатын іс-шаралар</i> |
| <p>1. Жасыл өсудің елдік индикаторларына негізделген ұлттық баяндаманы әзірлеу</p> <p>ЭЫДҰ мен Қазақстан арасындағы Елдік ынтымақтастық бағдарламасы шеңберінде 2015 – 2016 жылдары атқарылған жұмыстың нәтижелерін негізге ала отырып, ЭЫДҰ жасыл өсудің елдік индикаторларына негізделген Ұлттық баяндаманы дайындау үшін Қазақстанға қолдау көрсетеді. Бұл есеп 2016 жылы айқындалған көрсеткіштер бойынша жасалады (ЖӨИ бойынша семинар, 2016 жылғы маусым). ЭЫДҰ-ның ЖӨИ жинағын пайдаланумен Нидерланды және Словакия Республикасы дайындаған ЖӨИ бойынша есептер Қазақстанға есеп әзірлеу туралы ақпаратты бере алады. Баяндама түпмәтінін, саясатын және әдіснамалық мәселелерді сипаттау ақпаратымен бірге ЖСИ көрнекі</p> |

нысанда ұсынады. Баяндама жалпы кіріспеден, атқарушы түйіндемеден, баяндаманың негізгі мәтінінен, қорытындылар мен қосымшалардан тұрады.

2. Жасыл өсу индикаторлары бойынша Қазақстанның ведомстваралық жұмыс тобының қолдауы
Қазақстанда жұмыстың бірінші кезеңінде құрылған ЖӨИ жөніндегі ведомстваралық жұмыс тобы Қазақстан үшін ЖӨИ дамыту мәселелері бойынша түсіндірмені ұсынады (деректерді алдағы жинау бойынша іс-қимыл жоспары мен есебі). ЭЫДҰ халықаралық әріптестердің қатысуымен ұйымдастырылатын Жұмыс тобының екі халықаралық кеңесін өткізуге қолдау көрсетеді. ЭЫДҰ деректерді жинау, институционалдық үйлестіру және саясатты интеграциялау жөніндегі нұсқауды ұсынады.

Сондай-ақ ЭЫДҰ, ЭЫДҰ штаб-пәтерінде өтетін ЭЫДҰ тиісті кеңестеріне Жұмыс тобының жекелеген мүшелерінің қатысуы бойынша қолдау көрсетеді. Жұмыс тобы Үкіметтің және азаматтық қоғамның негізгі мүдделі тараптарын қамтиды және жасыл өсуге қол жеткізудегі прогресті бағалау үшін пайдаланылатын жасыл өсу индикаторларын әзірлеуге және ілгерілетуге жәрдемдеседі.

3. Деректерді жинауды кеңейту
ЭЫДҰ Қазақстанға "жасыл" өсу бойынша тұрақты есептілікті қалыптастыру үшін процесті, жауапкершілікті және уақытша шеңберлерді әзірлеуде қолдау көрсетеді. ЖӨИ негізделген есепті әзірлеу барысында жоба шеңберінде "жасыл өсу" өлшемін Қазақстанның тұрақты есептілік жүйесіне үздік интеграциялау үшін қосымша талдау жасалады. ЭЫДҰ деректерді жинаудағы қажеттіліктерді айқындайды және қажетті жинау арналары қандай болуы және оларды қалай құру туралы ұсынымдар беретін болады.

4. Жобаның нәтижелерін Қазақстандағы және одан тыс жерлердегі негізгі мүдделі тараптарға тарату және беру

Бұл құрамдауыштың мақсаты жобаның нәтижелерін тарату және беру үшін келісілген хабарламалармен қамтамасыз ету болып табылады. Бұл құрамдауыш баяндау есебін әзірлеуді және тиісті веб-сайттарда Жоба материалдарымен және нәтижелерімен таныстыруды қамтиды.

Жобаны іске асыру және басқару

Жоба Қазақстанның Статистика комитетімен тығыз консультацияда енгізіледі және жүзеге асырылатын болады. Жобада ҚР Ұлттық экономика министрлігі мен ҚР Энергетика министрлігі өкілдерінің белсенді қатысуы қамтамасыз етілетін болады.

Жоба басталғанда ЭЫДҰ мен Қазақстанның Статистика комитеті Жобаның қамту аясы мен оның жекелеген элементтерін бұдан әрі талқылау үшін тиісті ұйымдардың қатысуымен мүдделі тараптардың кездесуін ұйымдастырады. Қазақстанның Статистика комитеті ЭЫДҰ-ның консультациясымен елдегі Жобаны үйлестіру үшін жергілікті Жоба үйлестірушісін тағайындайды. Жобаның жергілікті үйлестірушісі Жоба үшін жергілікті деңгейде өңдеу қажет ЭЫДҰ сұратуларын, атап айтқанда,

- мыналарға:
- ақпарат көздерін сәйкестендіруге, ЭЫДҰ сұратуы бойынша құжаттарды жинауға;
 - Жобаға байланысты мәселелер бойынша ұлттық билік органдарымен, атап айтқанда, ЭЫДҰ сапарлары кезінде жоба қызметкерлері кездесуі тиіс негізгі мүдделі тараптарды анықтау бойынша өзара іс-қимылға;
 - елдегі мүдделі тараптардың кездесулерін ұйымдастыруға;
 - есеп жобасы мен талдау нәтижелері туралы есептің түпкілікті нұсқасына жиынтық пікірлерді ұсынуға;
 - Жоба персоналын материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін шешуде көмек көрсетуге: жазбаша шақыру хаттарын дайындауды, виза беруде көмек көрсетуді, кездесу өткізетін орындарды анықтауды, табысты кездесулерді қамтамасыз етуді, құжаттарды мемлекеттік тілден ағылшын тіліне аударуды ұйымдастыруға (қажет болған жағдайда) жауап береді.
- Жобаның жергілікті үйлестірушісі ЭЫДҰ тарапынан Жобаны іске асыруды үйлестіретін ЭЫДҰ-ның Жоба менеджерімен тығыз ынтымақтастықта болады. Атап айтқанда ЭЫДҰ Жоба менеджері мыналарға:
- Жоба үшін халықаралық және жергілікті консультанттарды таңдауға;
 - Жобаны іске асыруда жәрдемдесу үшін елдегі мемлекеттік шенеуніктермен өзара іс-қимылға;
 - Жобаны іске асыру мерзімдерін мониторингілеуге;
 - сапалы талдамалық жұмысты қамтамасыз ету үшін есептер жобаларын дайындауға және редакциялауға;
 - елдегі мүдделі тараптар кеңесіне қатысуға жауапты.

Жоба ЭЫДҰ мен ШЕКОА елдеріндегі экологиялық төлем жүйесі саласында білімі мен практикалық тәжірибесі бар халықаралық консультанттардың және Қазақстанның статистикалық және есептік

жүйелері туралы, оның ішінде қоршаған ортаға байланысты терең білімдері бар жергілікті консультанттардың қолдауымен ЭЫДҰ іске асырады. Халықаралық және жергілікті консультанттарды т і к е л е й Э Ы Д Ұ т а н д а й д ы .

Халықаралық консультанттардың негізгі функциялары қажетті деректерді жинау мен ұсынымдарды әзірлеу үшін Қазақстанға миссиясы болады. Халықаралық консультанттар ұлттық консультантпен консультация жүргізе алады; халықаралық консультанттар ЭЫДҰ-дан Жоба менеджеріне есеп береді.

Халықаралық сарапшылардың рөлі:

Қазақстан Республикасындағы Жасыл өсу бойынша баяндама жобасын дайындау, онда мыналар қ а м т ы л а д ы :

Қазақстандағы Жасыл өсуді сипаттайтын көрсеткіштерді қалыптастыру сапасы бойынша бағалау; олардың әлсіз жақтарын, сондай-ақ Жасыл өсу көрсеткіштерінің индикаторларын қалыптастыруда оларды қолдану мүмкіндіктерін анықтаумен барлық қолда бар дереккөздерді (мемлекеттік және ведомстволық статистика, әкімшілік көздер) талдау; халықаралық талаптарға сай келетін Қазақстан үшін басым жасыл өсу көрсеткіштерін бұдан әрі қалыптастыру бойынша ұсынымдар жобасы; халықаралық практикаға сәйкес Жасыл өсу көрсеткіштерінің индикаторларын қалыптастыруға практикалық және әдіснамалық жәрдемдесу. Жоғарыда көрсетілген жұмысты ЭЫДҰ бақылайды және аяқтайды.

Ұлттық консультанттардың рөлі:

Жобаны жүзеге асыруда толықтай қолдау көрсету, оның ішінде тиісті мемлекеттік органдармен б а й л а н ы с т а б о л у ;

Қазақстандағы жасыл өсу бойынша баяндаманы дайындау үшін талдау жасау бөлігінде үлес қосу; деректері Жасыл өсу индикаторларын қалыптастыруда (презентациялар, тренингтер) пайдаланылатын мүдделі органдардың қызметкерлеріне әдіснамалық және практикалық көмек көрсету; Қазақстанның тұрақты есептілік жүйесіне жасыл өсуді өлшеуді интеграциялау бойынша басшылықты ұ с ы н у .

Жоғарыда көрсетілген жұмысты ЭЫДҰ бақылайды және аяқтайды.

Күтілетін нәтижелер

Халықаралық талаптарға сәйкес Қазақстан Республикасы үшін жасыл өсу индикаторлары; Қазақстан Республикасындағы Жасыл өсу бойынша баяндама; Жобаның нәтижелерін Қазақстандағы және одан тыс жерлердегі негізгі мүдделі тараптарға тарату және хабарлау.

Жұмыстың болжамды кестесі

Жоба 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталады. Сол уақытқа дейін жобаның мына негізгі кезеңдері а я қ т а л а д ы :

жоба үшін консультанттарды тарту және сәйкестендіру – 2018 жылғы ақпан-наурыз; жобаны іске қосуға арналған ЭЫДҰ, консультанттар, Қазақстанның Статистика комитеті және тиісті мүдделі органдар арасындағы кездесу – 2018 жылғы мамыр-маусым; қолда бар дереккөздерге шолу (мемлекеттік және ведомстволық статистика, әкімшілік көздер), олардың осал тұстарын анықтау, сондай-ақ оларды жасыл өсу индикаторларын әзірлеуде қолдану мүмкіндігі – 2 0 1 8 ж ы л ғ ы ш і л д е - қ а з а н ;

талдау нәтижелерін талқылау үшін Үкіметаралық жұмыс тобының халықаралық кеңесі – 2018 жылғы қ а з а н ;

жасыл өсу көрсеткіштері туралы есеп жобасын дайындау – 2018 жылғы қазан-2019 жылғы наурыз; халықаралық талаптарға сай келетін Қазақстан үшін жасыл өсудің басым индикаторларын болашақта әзірлеу бойынша ұсынымдар – 2019 жылғы қазан-наурыз; Баяндама жобасы бойынша ескертулерді ұсыну үшін Үкіметаралық жұмыс тобының халықаралық кеңесі – 2 0 1 9 ж ы л ғ ы с ә у і р ;

түпкілікті есепті жариялау және релеванттығы бойынша тарату – 2019 жылғы қыркүйек-желтоқсан.

Күтілетін нәтижелер (Қазақстан іске асырғаннан кейін)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жасыл өсу өлшеуін Қазақстандағы тұрақты есептілік жүйесіне интеграциялау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 30 шілдедегі
№ 472 қаулысымен
мақұлданған
Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы "Жасыл өсу индикаторларын енгізу және Қазақстандағы Жасыл өсу бойынша баяндаманы дайындау" жобасын іске асыру туралы келісім

Осы жерде және бұдан әрі жеке-жеке "Тарап" немесе бірге "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімнің нысанасы

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі – ЭЫДҰ) осы Келісім шеңберінде "Жасыл өсу индикаторларын енгізу және Қазақстандағы Жасыл өсу бойынша баяндаманы дайындау" жобасын (бұдан әрі – Жоба) іске асырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Жоба шеңберінде ЭЫДҰ орындайтын жұмысты қаржыландыруға келіседі.

Осы Келісімге қол қойылған күннен бастап Жобаның ұзақтығы 24 айды құрайды.

2-бап

Бюджет және қаржыландыру тетіктері

Қазақстан Республикасының Үкіметі жобаны іске асыруға жұмсалатын шығыстарды өтеуге ЭЫДҰ-ға 150 000 (жүз елу мың) евро сомасында жарна беруге міндеттенеді. Бюджетті пайдалану бойынша есептеу осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшада жазылған.

Жарнаны төлеу мына төлем кестесіне сәйкес жүргізіледі:

а) 75 000 (жетпіс бес мың) евро мөлшеріндегі алғашқы 50 % (елу пайыз) жарна осы Келісімге қол қойылған және ЭЫДҰ-дан тиісті шотты алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде төленеді;

б) 75 000 (жетпіс бес мың) евро мөлшеріндегі екінші 50 % (елу пайыз) жарна ЭЫДҰ-дан тиісті шот алынған күннен бастап 2019 жылғы желтоқсанға дейін төленеді.

3. ЭЫДҰ осы жарнаны ЭЫДҰ-ның қаржы ережелеріне және басқа да тиісті қағидаларына, саясаттары мен рәсімдеріне сәйкес әкімшілендіретін болады, оларда қазіргі уақытта жарнаның жалпы сомасынан 6,3 % әкімшілік шығындардың (бұл сома өзгеруі мүмкін) өтелуін төлеу көзделген. Шығыс бухгалтерлік есептің жалпыға бірдей қабылданған қағидаларына сәйкес ЭЫДҰ-ның шоттарында көрсетілетін болады және ол ЭЫДҰ-ның стандартты аудит қағидаларына сәйкес аудит кезінде тексерілуі мүмкін.

3-бап

Жұмыстар мен есептіліктің сипаттамасы

ЭЫДҰ Жобаны осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын 2-қосымшадағы сипаттамаға сәйкес жүзеге асырады.

Жобаның бірінші жылы аяқталғаннан кейін үш айдың ішінде ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жобаның іске асырылу барысы туралы аралық есеп береді.

Жоба аяқталғаннан кейін алты айдың ішінде ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне жобаның іске асырылуы туралы қорытынды есеп және шығыстар туралы қорытынды есеп береді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі шығындар туралы есепте қаржылық есептілікке қойылатын талаптар ЭЫДҰ есептілігінің стандартты форматына сәйкес сақталғанымен келіседі.

4-бап

Ақпарат алмасу

Тараптар бір-біріне Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты ұсынады.

Тараптар арасындағы кез келген ақпарат алмасу мына мекенжайларға жіберіледі:

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін: Нұрболат Айдапкелов мырзаға, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті, 010000, Қазақстан, Астана, Мәңгілік ел, 8, Министрліктер үйі, 4-кіреберіс, тел.: +7 (7172) 74-90-23, факс: +7 (7172) 74 94 94, эл.мекенжай: n.aidarkelov@economy.gov.kz.

ЭЫДҰ үшін: Куми Китамори мырза, Жасыл өсу және жаһандық қарым-қатынас бөлімінің басшысы, ЭЫДҰ Қоршаған орта директораты, 75775, Франция, Париж, Cedex 16, Андрэ-Паскаль көшесі, 2, тел.: +33 1 45 24 92 02, эл.мекенжай: kumi.kitamori@oecd.org.

5-бап

Жобаның нәтижелерін пайдалану

Жобаның кез келген нысандағы нәтижелері ЭЫДҰ-ның ерекше меншігі болып қалады.

Құжаттарды жіктеуге және жіктеуден алып тастауға қатысты үшінші тараптардың құқықтары, сондай-ақ ЭЫДҰ қағидалары мен саясаттары сақталған кезде, егер қолданылатын болса, ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы жарнамен қаржыландырылатын іс-шаралар шеңберінде дайындалған жарияланымдардың қағаз көшірмелерін коммерциялық емес мақсатта пайдалану, көшірмесін жасау және тарату құқығын береді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қажет болған кезде ЭЫДҰ-ның авторлық құқығын үнемі тиісті түрде мойындайды.

Жоба барысында ЭЫДҰ-ға ұсынған Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігі болып табылатын кез келген деректер немесе ақпарат Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігі болып қалады. ЭЫДҰ көрсетілген деректер мен ақпаратты өз есебін (есептерін), жарияланымын (жарияланымдарын) дайындау мақсатында және Жобаны жүзеге асыру үшін пайдалануға және/немесе енгізуге құқылы.

6-бап

Дауларды шешу

Келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмайтын, болуын, жарамдылығын немесе бұзылуын қоса алғанда, осы Келісімді түсіндіруден, қолданудан немесе орындаудан немесе оған байланысты туындайтын кез келген дау, келіспеушілік немесе наразылық осы Келісімді жасасу күніне жарамды, халықаралық ұйымдар мен Төрелік соттың тұрақты палатасының мемлекеттері үшін аралық соттың факультативтік қағидаларына сәйкес міндетті күші бар соңғы төрелік талқылауымен шешіледі. Судьялардың саны – біреу. Судья Тараптар арасындағы өзара уағдаластық арқылы таңдалады. Егер төрелік талап еткеннен кейін үш айдың ішінде мұндай уағдаластыққа қол жеткізілмесе, судья Тараптардың бірінің талабы бойынша жоғарыда көрсетілген қағидаларға сәйкес тағайындалады. Төрелік сот Францияда, Париж қаласында өтеді, барлық іс жүргізу және ұсынылатын түсініктемелер ағылшын тілінде болуға тиіс.

7-бап

Артықшылықтар мен иммунитеттер

Осы Келісімде ешнәрсе халықаралық ұйым ретінде ЭЫДҰ иммунитеттері мен артықшылықтарынан бас тарту деп түсіндірілмеуге тиіс.

8-бап

Өзгерістер мен толықтырулар

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жекелеген хаттамалармен ресімделетін және оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9-бап Күшіне енуі

1. Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Ол екі Тарап одан туындайтын барлық міндеттемелерді орындағанға дейін қолданыста болады.

2. Әрқайсысы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде екі төлнұсқа данада жасалды. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мәтіндердің арасында сәйкессіздік болған жағдайда, ағылшын тіліндегі нұсқасы жалғыз төлнұсқа болып табылады.

Қазақстан Республикасының Экономикалық ынтымақтастық
Үкіметі тарапынан және даму ұйымы тарапынан

Тимур Сүлейменов Энтони Кокс
Қазақстан Республикасының Директордың міндетін атқарушы,
Ұлттық экономика министрі Қоршаған орта директоры
Қолы: _____
Күні: _____

Антуан Пайе
Бағдарлама Басшысының
орынбасары,
Бюджеттік және қаржылық
басқару қызметі, Атқарушы
директорат
Қолы: _____
Күні: _____